

«ШЫМКЕНТ-МАРАФОН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРИНЫҢ ЖАРИЯ ШАРТЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Жария шарт (бұдан әрі - Шарт) «Шымкент-Марафон» Қоғамдық қорының, бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталатын, Шартта аталған тұлғаның атына ұсынысы (офертасы) болып табылады.

«Shymkent Marathon» (бұдан әрі - Жарыс) жүгіру іс-шарасына қатысқысы келетін «Жүгіруші»/«Атлет»/«Қатысушы» Ұйымдастырушы мен Жүгіруші бірлесіп «Тараптар» деп аталады.

Шарттың мақсаты - Ұйымдастырушы мен Жарысқа Қатысушылар арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу.

ШАРТТЫҢ АҚЦЕПТІ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес **Жария Шарттың талаптарын Жүгіруші акцепт берілген сәттен бастап толық көлемде және сөзсіз қабылдаған болып есептеледі.**

Осы Жария Шарттың акцепті болып табылады:

- Жарысқа тіркелу кезінде бастапқы жарнаны төлеу.

- Ұйымдастырушы ұсынған тегін слот бойынша Жарысқа қатысуға қабылданған жағдайда Жүгірушінің Жарыстың старттық алаңына шығу фактісі Шарттың акцепті деп танылады.

- корпоративтік топ құрамында қатысуға қабылданған жағдайда Жүгірушінің Жарыстың старттық алаңына шығу фактісі Шарттың акцептісі болып танылады.

Егер Қатысушы осы Шарттың немесе Жарыс Ұйымдастырушысы өткізетін Регламенттің қандай да бір тармағымен немесе тұжырымдамасымен келіспесе, Ұйымдастырушы қатысудан бас тартуды және бастапқы жарнаны төледуді ұсынады.

ШАРТТЫҢ МӘНІ

Осы Шарттың мәні **Ұйымдастырушы ұйымдастыратын «Shymkent Marathon»** жүгіру жарысына қатысқысы келетін тұлғаға осы Шартта және Жарыс регламентінде көзделген тәртіппен және шарттарда жарысты ұйымдастыру және өткізу түрінде қызмет ұсыну болып табылады.

Ерекшелігі, сипаттамасы, өткізу күні, негізгі ережелері, Жарысқа қатысу қағидалары Ұйымдастырушының <https://www.shymkent-marathon.kz> сайтында орналастырылған Жарыс регламентінде көрсетілген, онымен Жүгіруші Жарысқа тіркелу барысында танысуы тиіс. <http://www.shymkent-marathon.kz/>

ІС-ШАРАҒА ТІРКЕЛУ

Жарысқа қатысу үшін Жүгіруші тіркеуден өтіп, бастапқы жарнаны кез келген тәсілмен төлеуі қажет:

1) Ұйымдастырушының сайтында - <https://www.shymkent-marathon.kz> <http://www.shymkent-marathon.kz/>

2) келесі мекенжайлар бойынша: Шымкент қ., Қонаев даңғылы, 83 («Royal Club Fitness & SPA» фитнес-клубы), Шымкент қ., Үркімбаев к-сі, 16/1 («Kasiet» фитнес-клубы)

3) корпоративтік топ құрамында

Тіркеу барысында Қатысушы Ұйымдастырушыға нақты жеке деректерін ұсынады, таңдалған қашықтықты көрсетеді.

Жарыс хаттамасына тек төлемі жасалған тіркеу өтінімдері ғана енгізіледі.

БАСТАПҚЫ ЖАРНАНЫҢ ҚҰНЫ

Бастапқы жарнаның құны Жарыс регламентімен айқындалады. Жарысқа тіркелу барысында Жүгіруші ілеспе тауарлар мен қызметтерді сатып алуға құқылы.

ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ұйымдастырушының (<https://shymkent-marathon.kz>) сайтында орналастырылған Жарысты өткізу туралы Ережемен танысқан және оны сақтауға міндеттенеді.

Медициналық куәландырудан өтті және Жарысқа қатысуға қарсы көрсетілімдері жоқ. Денсаулығының нашарлау жағдайында жарысқа дейін немесе жарыс күні қатыспауға міндеттенеді.

Жарысқа қатысудың **қиындықтары мен тәуекелдерін** түсінеді, көрсетілген қашықтықты өту үшін жеткілікті физикалық, психикалық дайындығы, техникалық білімі мен тәжірибесінің бар екенін растайды.

Жарысқа қатысу барысында **өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне толық жауапкершілікті** өзіне алады, өз жағдайын өзі бақылауға және қажет болған жағдайда медициналық көмекке жүгінуге міндеттенеді.

Ұйымдастырушы жауапкершілігі жоқ екенін растайды:

- олардың жарақат алуы, денсаулығының нашарлауы немесе өлімі үшін;
- жеке мүлкін жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін;
- Жарысқа қатысу нәтижесінде келтірілген кез келген физикалық, моральдық немесе материалдық зиян үшін.

Ұйымдастырушыға, оның өкілдеріне және демеушілеріне, оның ішінде өзінің мұрагерлері мен қамқоршылары тарапынан жарыс өткізілгенге дейін, оның барысында да, одан кейін де барлық талаптар мен шағымдардан ерікті түрде және алдын ала бас тартады.

Жарысты өткізу кезінде басқа қатысушыларға, Ұйымдастырушыға, демеушілерге, бөгде адамдарға және олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана жасамауға міндеттенеді.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ ФОТО-БЕЙНЕТҮСІРІЛІМГЕ КЕЛІСІМ

Жарысты өткізу мақсатында Ұйымдастырушы қатысушылардың жеке деректерін жинайды және өңдейді, Жарысты фото және видеоға түсіреді, алынған материалды жүгіру спортын насихаттау және танымал ету үшін пайдаланады.

Қатысушы Ұйымдастырушыға өзінің келісімін береді:

- Ұйымдастырушы және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүдделері үшін әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының Жарысқа қатысу процесін видео және фотоға түсіруді (фотосуреті және/немесе бейнеролигі) жүзеге асыруына;
- қатысушының атын, жарыс барысында түсірілген Қатысушының бейнесі және/немесе басқа аудио-, видео-, фото материалдарды жариялау, көшіру және тарату құқығын, кез келген тәсілдермен және құралдармен, мерзім мен пайдалану аумағына шектеусіз, соның ішінде аталмыш материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру құқығын пайдалануға;
- өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға. Жарысқа тіркелген күн Қатысушының дербес деректерін өңдеуге келісім берілген күн болып табылады. Келісім Қатысушының жеке деректерін ұсынған сәттен бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Жеке деректерді өңдеуге келісім Қатысушы тарапынан Ұйымдастырушыға еркін нысанда жазбаша өтініш жолдау арқылы кері қайтарып алынуы мүмкін.
- SMS-хабарламалар мен e-mail хаттарды алуға.

Осы келісімді Қатысушы өтеусіз негізде белгісіз мерзімге береді және кейіннен Ұйымдастырушыдан қандай да бір түрде өтемақы талап етуге құқылы емес.

Осы Шарттың талаптарын қабылдай отырып, Қатысушы өткізілетін жарысты жариялау үшін Ұйымдастырушы Жарысқа қатысушылардың да, Жарысты өткізу процесінің де фото және/немесе бейнеленуін жүргізетін және тиісінше өзінің фото/бейне банкін қалыптастыратын кәсіби фотографтар мен бейнеоператорларды тарта алатынын түсінеді. Қатысушы Жарыс өткізу кезеңінде алынған фото және/немесе бейнематериалдарды түсінуге және пайдалануға өз келісімін береді, онда Қатысушы осындай фото/бейне банктерге түсіріледі. Қатысушының қалауы бойынша Жарыстың фото және/немесе бейнематериалдары Ұйымдастырушыны тартпай-ақ осындай тұлғалардан-фото/видео банктердің иелерінен дербес сатып алынуы мүмкін. Осындай фото/бейне банктерде фото және/немесе бейнематериалдарды орналастыру бойынша барлық сұрақтарды Қатысушы осы ресурстардың иелеріне дербес жіберуі тиіс. Ұйымдастырушы мұндай фото / бейне иелерінің әрекеттері үшін жауап бермейді.

БЕРІЛГЕН АҚПАРАТТЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК

Ұйымдастырушы Жарыстың қорытындысын шығара отырып, Қатысушылардың жарысқа тіркеуден өту кезінде ұсынған деректерін (белгілі бір қашықтыққа, қайтарымды санатқа, жынысқа жатқызу) пайдаланады. Осыған байланысты Қатысушы өзі туралы толық және шынайы деректерді ұсынуға жауапты болады.

Ұйымдастырушы Жүгіруші жүлделі орынға ие болған, апелляциялар мен шағымдар бойынша іс жүргізген жағдайда тіркеу кезінде берілген деректерді растауды Жүгірушіден сұрауға құқылы.

Егер жалғандық, алдау, жалған ақпарат беру фактісі анықталса, Жүгіруші жарыстан шеттетіледі және жүлделі сыйлықтарға ие болу құқығы болмайды.

ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Осы шартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Ұйымдастырушы (ұйымдастыру комитетінің командасы) және / немесе ол тартқан үшінші тұлғалар Қатысушының өмірі мен денсаулығы, өткізілетін Жарыс шеңберінде қатысушыға келтірілген, Қатысушы Ұйымдастырушымен бекітілген Жарысты өткізу туралы ережені және қауіпсіздік техникасын сақтамаған және/немесе Қатысушының Жарысқа қатысуға қарсы көрсетілімдері туралы Ұйымдастырушыға тиісті ақпарат ұсынбаған жағдайда, туындаған кез келген залалдар, зақымданулар, залалдар үшін жауапты болмайды.

Ұйымдастырушы (ұйымдастыру комитетінің командасы) және / немесе ол тартқан үшінші тұлғалар өткізілетін Жарыстың барлық маршрутында Қатысушының жеке мүлкінің жоғалуына жауапты болмайды.

Ұйымдастырушы (ұйымдастыру комитетінің командасы) осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны, оның ішінде егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Жарыстың күшін жойғаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тараптардың еңсерілмейтін күшінің мән-жайларына мыналар жатады: дүлей зілзалалар; ҚР ІІМ ТЖКБ шұғыл деп танитын және олардың ықтимал басталуы туралы ескертетін өзге де мән-жайлар, оқиғалар, құбылыстар; өрт; жаппай аурулар (эпидемиялар); мемлекеттік билік органдарының шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізу: ереуілдер; әскери іс-қимылдар, қақтығыстар мен төңкерістер; азаматтық толқулар;

террористік актілер; диверсиялар; тасымалдауды шектеу; мемлекеттердің тыйым салу шаралары; халықаралық санкцияларды қабылдау салдарынан сауда операцияларына, оның ішінде жекелеген елдермен сауда операцияларына тыйым салу; мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері, әрекеттері, әрекетсіздігі; сондай-ақ Тараптардың еркіне байланысты емес, осы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін етпейтін, Тараптар болжай алмайтын және ақылға қонымды шаралармен болғызбайтын өзге де мән-жайлар.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар басталған немесе туындау қаупі төнген кезде, соның салдарынан Жарыстың күші жойылуға жатады, бұл туралы барлық ақпарат Ұйымдастырушының қалауы бойынша Ұйымдастырушының сайтында орналастырылады және/немесе Қатысушыны Ұйымдастырушы тіркеу процесінде көрсетілген телефон нөміріне хабарламамен немесе электрондық мекенжайға хатпен хабардар етеді.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осы мән-жайлардың және олардың салдарының қолданылу кезеңіне ұзартылады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың әрекетін растайтын тиісті дәлелдеме Қазақстан Республикасының уәкілетті органы және (немесе) ұйымы берген тиісті құжаттар болып табылады.

ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Осы Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады. Осы шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

Осы шарт шеңберіндегі барлық келіспеушіліктер мен дауларды тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешеді, даулар Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге жатады.

ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Осы Шарт белгіленген тәртіппен Қатысушы оны акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе оны бұзған сәтке дейін жарамды болады.

Осы шарт ашық және жалпыға қолжетімді құжат болып табылады және Ұйымдастырушының сайтында (<https://www.shymkent-marathon.kz>) өзгертілген нұсқасын жариялау арқылы өзгертілуі мүмкін. <http://www.shymkent-marathon.kz/> Егер Қатысушы Ұйымдастырушыға енгізілген өзгерістерге байланысты осы шартты бұзу туралы ұсыныспен жүгінбесе, онда жарияланған өзгерістер Қатысушымен қабылданған болып есептеледі.

Осы шарт Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

Егер қандай да бір ереже құзыретті сотпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жарамсыз деп танылған жағдайда, онда мұндай ереже (ол заңсыз немесе жарамсыз деген бөлігінде) осы шартқа енгізілмеген болып есептеледі, бірақ осы шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

Ұйымдастырушының деректемелері:

Ұйымдастырушы: «Шымкент-Марафон» қоғамдық қоры

Заңды мекенжайы: Қазақстан, Шымкент, Т. Рысқұлов к-сі, 162, тел.

Физ. мекенжайы: Қазақстан, Шымкент, Қонаев даңғылы, 83, тел: 8 (7252) 92 14 00

БСН 180740016462

ЖСК KZ066010291000217401 (KZT)

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы БСК HSBKZKX

Байланыс e-mail:

direc.royal@mail.ru

salesdirec@royalfitness.kz